

**Тузельбаева Диана Мухтаровнаның «6D021300 – Лингвистика»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған
«Телебағдарламалардағы глуттониялық дискурс прагматикасы»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысының
АҢДАТПАСЫ**

Зерттеу жұмысының өзектілігі. ХХІ ғасырдағы ақпараттық қоғамда телебағдарламалар тек ақпарат көзі емес, сонымен қатар мәдени модельдер мен өмір сүру салтын қалыптастыратын идеологиялық құралға айналды. Осы контексте глуттониялық мазмұн арқылы көрерменге ұсынылатын тағамды тұтыну тәжірибесі мен эстетикалық талғам үлгілері оның құндылықтар жүйесіне ықпал етеді. Демек, глуттониялық дискурсты зерттеу – қазіргі медиалық реалийлер мен символдық тұтыну салаларын лингвосемиотикалық аспектіде түсінуге бағытталған өзекті қадам.

Сонымен қатар аспаздақ телешоулар немесе глуттониялық дискурс – ұлт мәдениетінің, қоғам өмірінің маңызды саласы. Бұл қазіргі медиамәтіндер жүйесінен орын алатын глуттониялық теледискурстың тағамды ұсыну және тұтыну риторикасының даму серпінін, өзгерістерін, ұлттық-мәдени глуттония символикасының жаңғыртылу және жаңару үдерісін бақылап, бағалаудың қажеттілігін алға тартып отыр. Осы мәселелердің шешіміне орай диссертацияда аспаздық телешоулардың сенсорлық қабылдау семиотикалық жүйесімен тоғысатын ерекше прагматикалық құрылым ретінде қазақстандық ғылым контексінде алғаш рет талдануы оның өзектілігін танытады. Диссертация мазмұнында телебағдарламадағы сөйлеу ықпалының вербалды және бейвербалды құралдары мен олардың лингвистикалық және семиотикалық саралануы қазіргі қоғамның жан жақты (телекоммуникация, ақпараттық технология) дамуымен бірге жаңғыру үстіндегі глуттониялық теледискурс табиғатын түсінуге жол ашады. Бірнеше ғылымның зерттеу нысаны болу мүмкіндігіне ие глуттониялық теледискурсты аспаздық шоуларда қолданылатын лексикалық, стилистикалық, кинетикалық құралдарды, тілдік тактика мен сөйлеу стратегияларын сипаттау арқылы лингвистикалық категория қатарында анықтау лингвистика ғылымы үшін маңызды. Глуттониялық теледискурс қазақ және шетелдік телебағдарламаларды талдау нәтижесінде (мысалы, «Тәтті тайм», «Ас болсын», «Сиқырлы ас үй», «Айнұрдың асханасы», «Аспаздық лига», «The Naked Chef», «Street Food Around the World») тілдік тұлға мен мәдени санаға әсер ету құралы қатарында алғаш рет сипатталды. Сонымен қатар, глуттониялық дискурстың теледискурстағы көрінісі қазіргі медиамәдениеттің тұтынушылық бағдарын сипаттаудың маңызды индикаторы ретінде қарастырылады. Бұл ұлттық тағамтану мәдениетін қалыптастыру мәселелері тұрғысынан диссертацияның өзектілігін көрсетеді.

Глуттониялық теледискурста тілдік бірліктер мен бейвербалды компоненттердің (мимика, жест, кадр композициясы, дыбыстық фон) көрермен эмоциясына әсер етуі – прагматикалық ықпал ету моделінің күрделілігін көрсетеді. Осы бағыттағы зерттеулердің жеткіліксіздігі мен қазақ медиалингвистикасында глуттониялық дискурс мәселесінің алғаш рет кешенді түрде қарастырылуы зерттеудің өзектілігін одан әрі арттыра түседі.

Зерттеу нысаны: Қазақ және ағылшын тіліндегі глоттония тақырыбындағы телебағдарламалар, глоттониялық теледискурс және оның вербалды және бейвербалды құралдары, ұлттық-мәдени аспаздық кодтар, тұтынушылық риториканың тілдік тәсілдері, сондай-ақ сөйлеу стратегиялары мен тактикалары.

Зерттеу пәні: Глоттониялық теледискурстың ерекшеліктері, теледискурстағы глоттониялық мазмұн негізінде қалыптасатын коммуникативтік, тілдік және мәдениетаралық қатынастардың прагматикалық жүйесі.

Зерттеудің мақсаты: Телебағдарламадағы глоттониялық дискурсты лингвопрагматикалық және семиотикалық аспектіде сипаттай отырып, көрерменге әсер ету тетіктерін анықтау.

Зерттеудің міндеттері: Диссертациялық жұмыстың мақсатына қол жеткізу үшін келесі міндеттер алға қойылды:

1. глоттониялық дискурсты лингвистикалық категория ретінде анықтап, оның негізгі сипаттамаларын айқындау.

2. аспаздық телебағдарламалардың вербалды және бейвербалды құралдарына лингвосемантикалық, лингвопрагматикалық талдау жүргізу нәтижесінде жанрлық және композициялық ерекшеліктерін қарастыру.

3. глоттониялық дискурстың прагматикалық қызметтері мен коммуникативтік стратегияларын талдау.

4. аспаздық шоулардың телевизиялық үлгісін құрудың лингвостилистикалық құралдарының ерекшеліктерін айқындау.

5. қазақ және ағылшын аспаздық шоуларындағы сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын салыстыру.

Зерттеу әдістері: Зерттеу барысында лингвистикалық және лингвопрагматикалық әдістер қолданылды. Зерттеудің теориялық бөлігінде сипаттамалы әдіс қолданылып, глоттониялық теледискурстың құрылымдық ерекшеліктері анықталды. Дискурс-талдау әдісі телебағдарлама қатысушыларының коммуникативтік ниеттерін, вербалды және бейвербалды құралдар арқылы жүзеге асатын прагматикалық ықпал ету стратегияларын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу аясында қазақстандық телеарналардағы гастрономиялық бағдарламалар бақылау әдісімен сараланып, ерекшеліктері сандық талдау арқылы анықталды. Индуктивтік және дедуктивтік мәтінталдау тәсілдері глоттониялық дискурстағы стратегиялық мағыналар мен коммуникативтік тактикаларды жіктеуге қолданылды.

Сонымен қатар жинақтау, салғастырмалы талдау, эксперименталды зерттеу, сауалнама арқылы көрермендердің телебағдарламаларды қабылдау ұстанымдары мен алған әсерлері зерделенді.

Зерттеудің дереккөздері. Диссертациялық жұмыстың дереккөздері ретінде 2017-2024 жылдар аралығында қазақстандық және шетелдік телеарналарда тұрақты түрде көрсетілген гастрономиялық бағыттағы телебағдарламалар алынды. Атап айтқанда, «Тәтті тайм», «Ас болсын», «Аспаздық лига», «Айнұрдың асханасы», «Сиқырлы ас үй», «The Naked Chef»,

«Street Food Around the World», «Jamie's 30-Minute Meals», «Chef's Table» сынды қазақ және шетелдік телешоулар талдау нысаны ретінде таңдалып алынды. Жалпы көлемі – 15 толық эпизод, яғни шамамен 9 сағат 20 минуттық бейнемәтін (таза мазмұн, жарнамасыз). Мәтіндік транскрипция көлемі – шамамен 780 000 баспа таңбасын құрады

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін дискурс теориясы, медиалингвистика, прагмалингвистика, глоттониялық дискурс, масс-медиадағы дискурс прагматикасы және коммуникация теориясы мен диалог табиғаты салаларындағы іргелі еңбектер құрады. Атап айтқанда:

- дискурс теориясы (Ш.И. Нургожина, Н.М. Әубәкіров, Л.М. Шайкенова, Қ.Ө. Айтмухаметова, А. Аманбаева, С. Левинсон, М. Соройнен, В.С. Григорьева, Н.Д. Арутюнова, В.И. Карасик, Ф.Л. Косицкая, Т.А. van Dijk);

- глоттониялық дискурс (А.Ш. Жилхубаева, Н.А. Исмайлова, Э.Э. Бараташвили, А.В. Олянич, М.В. Ундрицова, Н.П. Головницкая, Л.Р. Ермакова, А.Ю. Земскова);

- теледискурс (А.А. Акказынова, Д.З. Габбасова, Г.К. Ихсанғалиева, М.С. Абишева, Л.К. Бекетова, Н. Уәли);

- прагматика (Д.А.Әлкебаева, Б.К. Момынова, Қ.Ө. Есенова, Г.Н. Кенжебалина, М.С. Абишева, К.К. Кенжекано́ва);

- масс-медиадағы дискурс прагматикасы (Г.А.Машинбаева, Б.С. Жұмағұлова, Ж.Қ. Ибраева, Д.З. Габбасова, Д.Д. Бисмильдина, Д.М. Қойшығұлова, Е.Н. Ормаханова, С. Или, Е.Г. Ларина, Ю.В. Красноперова, Д.А. Нугуманова, А.К. Шевцова);

Зерттеудің теориялық және практикалық құндылығы. Глоттониялық теледискурстың лингвистикалық және прагматикалық табиғатын алғаш рет кешенді түрде сипаттауында. Жұмыстың нәтижелері масс-медиа дискурс теориясын байыта отырып, интерактивтілік, тұтынушылық риторика, ұлттық-мәдени кодтар және прагматикалық ықпал ету стратегиялары секілді ұғымдардың теориялық шеңберін кеңейтеді. Сонымен қатар, теледискурстың қазіргі заманғы моделін ұлттық контексте сипаттау арқылы қазақ медиалингвистикасының дамуына, тағамтану саласы бойынша салалық терминжүйені біріздендіруге үлес қосады.

Зерттеу нәтижелері мен жинақталған эмпирикалық корпус тілдік прагматика, медиалингвистика, стилистика, лингвомәдениеттану, риторика пәндері бойынша дәрістер мен практикалық сабақтарда пайдалануға жарамды. Сонымен қатар, тележурналистика мамандарына, медиакоммуникация саласындағы мамандарға глоттониялық дискурсты тиімді құру және көрерменмен нәтижелі интеракция орнату мақсатында әдістемелік құрал ретінде ұсынылуы мүмкін.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- глоттониялық теледискурс қазақ медиалингвистикасында алғаш рет дербес лингвопрагматикалық және лингвостилистикалық феномен ретінде кешенді түрде сипатталып, оның құрылымдық, прагматикалық және семиотикалық моделі ұсынылды;

- отандық медиалингвистикада алғаш рет глоттониялық дискурс өзіндік құрылымдық және қызметтік сипаттамалары бар телевизиялық дискурстың ерекше түрі ретінде талдауға түсті. Телебағдарламалар тағам тұтытудағы мінез-құлықтың коммуникативтік үлгілерін қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды нығайтуға және мәдениетаралық өзара әрекеттестікті дамытуға ықпал ететін медиадискурс ретінде алғаш рет анықталды;

- аспаздық телебағдарламалардағы вербалды және бейвербалды ықпал ету құралдары (тілдік бірліктер, метафоралық модельдер, дыбыстық және визуалды белгілер, кинетикалық компоненттер) интегративті түрде талданып, глоттониялық дискурстың ұлттық-мәдени кодтарды репрезентациялау жолдары ғылыми тұрғыдан негізделді;

- қазақ және ағылшын аспаздық шоуларындағы сөйлеу стратегиялары салыстырмалы-прагматикалық тұрғыдан алғаш рет жүйеленіп, көрермен қабылдауы бойынша жүргізілген эксперименттік зерттеу нәтижелері негізінде глоттониялық дискурстың эмоционалдық және когнитивтік әсер ету тәсілдері жинақталды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдары:

1. Глоттониялық телевизиялық дискурс – қоғамның мәдени құндылықтарын бейнелейтін дербес лингвистикалық категория. Аспаздық телебағдарламалар дискурсы тағам саласындағы семантикалық тақырыпқа ұйымдасқан барлық лексикалық бірліктердің жиынтығын біріктіреді, гастрономия және этникалық, гастрономия саласындағы идеологиялық әлемнің тілдік бейнесін қамтиды. Глоттониялық теледискурс – аспаздық өндірістегі қарым-қатынастың экстралингвистикалық жағдайларын ескере отырып қарастырылатын және әр түрлі негіздер (тақырыптың ортақтығы, коммуникативтік мақсат, байланыс арнасы және т.б.) бойынша сипатталатын, сонымен қатар ауызша сөз жанрларын (рецепті түсіндіру, кеңес беру, бағалау, нұсқау беру, эмоциялы пікір білдіру, бәсекелестік реплика сияқты) біріктірген институтционалды-прагмастилистикалық белгілерімен ерекшеленетін мәтіндер жиынтығында объективтендірілген сөйлеу әрекетінің жиынтығы. Осы тұрғыдан глоттониялық дискурстың лингвистикалық категория ретіндегі дербестігі танылады.

2. Қазақстандық медиакеңістікте глоттониялық телебағдарламалар ақпарат жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар тағамды мәдени кодтау, тағамды тұтыну мәдениетінің дамуына ықпал ету құралы ретінде прагмалингвистикалық қызмет атқарады. Эксперименттік зерттеу коммуникативтік тәжірибелер мен құндылық бағдарларын қалыптастыруда аспаздық телебағдарламалардың маңыздылығын растады. Әлеуметтік-лингвистикалық сауалнама мен фокус-топтардың нәтижелері бойынша көрермендер аспаздық телебағдарламаларды тек тағам дайындау туралы ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар мәдени сәйкестендіру және әлеуметтену құралы ретінде қабылдайды. Осылайша, глоттониялық дискурс маңызды әлеуметтік қызмет атқарады, ол ұлттық дәстүрлерді де, жаһандық мәдени үрдістерді де көрсететін құндылық бағдарларының жүйесін қалыптастырады.

3. Глюттотониялық теледискурс – вербалды, аудио-визуалды компоненттердің бірлігінде мультимодалды ықпалға құрылып, прагматикалық міндеттер жүктелетін коммуникация түрі. Ол коммуникацияның вербалды және бейвербалды құралдарын біріктіріп, гастрономиялық тәжірибені бейнелеудің бірегей жүйесін құрайды. Глюттотониялық теледискурстың семиотикалық табиғатын перцептивтік (дәм, иіс сезу арқылы қабылдау), экспрессивтік қызмет (эмоционалдық жағынан әсер ету) атқаратын дыбыстық, бейнелік және тілдік таңбалардың кешені түрінде анықтауға болады. Аспаздық телебағдарламалар – коммуникацияның бірегей үлгісін қалыптастыратын нақты жанрлық және композициялық ерекшеліктерге ие. Масс-медиа жанрына жататын аспаздық телебағдарламалар ерекшелігі – олардың диалогтық сипатында, ақпараттық және ойын-сауық құрамдас бөліктерінің үйлесімінде, сондай-ақ мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді көрсететін хронотоптың қолданылуында байқалады. Мұндай бағдарламалардың композициялық құрылымына жүргізуші, қонақтар, көрермендер және тұтас дискурсивті өнім жасайтын көрнекі элементтер енеді.

4. Телебағдарламалардағы глюттотониялық дискурсқа лингвостилистикалық және композициялық еркіндік тән. Қазақтілді глюттотониялық теледискурс пен ағылшынтілді теледискурстағы еркіндік деңгейі бірдей емес. Бұл айырмашылықтар тек тілдік стереотиптер мен мәдени нормаларға ғана емес, сонымен қатар сленг пен жаргонның қолданылу жиілігі, композициялық құрылымдардың динамикасы және теледискурс жанрларының өзіндік ерекшелігіне байланысты көрінеді.

5. Аспаздық телешоулар композициясындағы прагматикалық міндеттер шешіміне қызмет ететін сөйлеу стратегиялары мен тілдік тактикалар ұлттық менталитет, этномәдени факторларға байланысты ерекшеліктерге ие. Салғастырмалы талдау көрсеткендей, қазақ және ағылшын тілдеріндегі телебағдарламалардың екі түрінде де көрерменге әсер етудің әмбебап стратегиялары (ақпараттық, манипуляциялық, интегративті) қолданылады, алайда олардың жүзеге асырылуы мәдени ортаға байланысты ерекшеленеді. Қазақ шоуларында этномәдени құндылықтарға, қонақжайлылық дәстүрлеріне, ұлттық тағамдарға баса назар аударылса, ағылшын бағдарламалары дарашылдыққа, шығармашылыққа, жаһандық гастрономиялық үрдістерге бағытталған.

Зерттеудің талқылануы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда ғылыми мақала түрінде жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференциялар жинағында 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒССКК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала жарияланды.

Жұмыстың құрылымы. Диссертацияның құрылымы материалды логикалық баяндауға негізделген. Жұмыс кіріспе, үш бөлім, әр бөлім тұжырымдары, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.